

1 ақпан,  
Сейсенбі,  
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

# Ойыл

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады.

## Қ.ТОҚАЕВ: АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БҰЗЫЛМАЙДЫ



### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ХАБАР» ТЕЛЕАРНАСЫНА БЕРГЕН СҰХБАТЫ.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, уақыт бөліп, қазақстандық БАҚ өкілі ретінде маған сұхбат беруге келіскеніңіз үшін сізге көп рахмет. Өйткені мен Ақордаға сирек келетін, арнайы пұлдың құрамына кірмейтін журналистмін. Соған қарамастан, осындай мүмкіндікке ие болып отырмын. Бұл үшін алғысым шексіз...

– Шын мәнінде, кейінгі кезде сұхбат алу жөнінде маған отандық және шетелдік телекомпаниялардан көп өтініштер түсіп жатыр. Олардың бәрін бас тарттым. Тек «Хабар» телеарнасына, соның ішінде президенттік пулга кірмесеніз де, сізге ғана мүмкіндік беріп отырмын. Кәсіби мамансыз. Бүгін өте тұщымды өңгіме болады деп сенемін.

– Бүгін, шын мәнінде, тарихи сәт. Себебі бәрімізді өлі де алаңдатып отырған «Қасіретті қаңтар» оқиғасынан кейін алғаш рет отандық БАҚ өкіліне сұхбат беріле отырсыз. «Енді не болады?» деген қобалжу да бар. Мен сол оқиғалар кезінде өзіміздің сүйікті қалам – Алматыда, демалыста өтім. Яғни болған оқиғаның бәрін өз көзіммен көрдім десем де болады.

Расында, терзесіңіз арғы жағында жарылған еранията ма өлде «Калашниковтың» кезекті оқ жаудыруы ма айыра алмадық. Бәріміз бұл сұхбатымыз тезірек аяқталуын тіледік. Сол оқиғалардан кейін біраз уақыт өтсе де, көпшіліктің көкейінде көп сұрақ қалды. Әркім өртүрлі айтып, сансаққа жүгіртіп. Бұл, шын мәнінде, бұзақылыққа ұласып, бақылаусыз кеткен бейбіт шеру ме әлде алдын ала жоспарланған мемлекеттік төңкеріс пе? Шын мәнінде не болды?

– Бұл – алдын ала жоспарланған қастандық әрекет. Наразылықтар бейбіт митингілерден басталып, соны бұзақылыққа, тонаушылыққа ұласты. Осы оқиғалар – кәсіби адамдардың ойластырған және солардың жүзеге асырған жымсысқы операциясы. Өуелі жұртшылық бейбіт митингке шықты. Демонстранттарға қарсы күш қолданылған жоқ, қолданылуы да мүмкін емес еді. Келесі лекпен олардың орнына жай ғана бұзақылық істеп, полиция қызметкерлеріне сес көрсетіп, тас лақтырып жүрген жастар келді. Артында үшінші толқын жалғасты. Бұлар арнаулы дайындықтан өткен көдімі кәсіби лаңкестер басқарған тонаушылар, кісі өлтірушілер, зорлық жасаушылар еді. Содырлар күштік органдар ғимараттарының орналасқан жерін өте жақсы білген және сол нысандарға шабуыл жасалды. Лаңкестерді материалдық құндылықтар қызықтырған жоқ, оларға қылмыстық істер, құқық қорғау қызметкерлерінің жеке құжаттары керек болған. Яғни бұның өте мұқият ойластырылған, шетелдік содырлар жалданған террористік операция екені анық. Өзіңіз білесіз, олар Алматының өуежайына шабуыл жасады. Қазір тергеу амалдары барысында өуежайды Орталық Азиядағы қалалардың бірінен үшін келген адамдарды күтіп алу үшін өдейі басып алғаны анықталып жатыр. Сырттан келгендер – арнайы дайындалған содырлар мен олардың командирлері.

Лаңкестер гастарбяттер ретінде ұшып келіп, шекаралық өткізу бекеттерінен кедергісіз өткен. Сөйтіп, қалаға кіріп жоспарлы операцияларды басқарған. Кейін құқық қорғау орган-

дары күш алып, қайта соққы бергенде, тез арада сол Алматы өуежайы арқылы ұшып кеткен. Сондықтан тағы да қайталап айтамын, бұл – жоспарлы түрде жүргізілген операция. Олардың мақсаты – мемлекеттік институттарды жою, конституциялық құрылымға нұқсан келтіру, түптеп келгенде билікті басып алу. Дегенмен өлі де тергеу жүргізілуде. Бәрі де анықталады.

– Енді «Бұған олар қалай қол жеткізді?» деген сұрақ қойғыңыз келіп отырған шығар. Қазір біз ауқымды тергеп-тексеру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Өкінішке қарай, дәл осындай жағдайда құқық қорғау органдарының нақты әрекет ету алгоритмі болмай шыққаны анықталды.

– Мен Мемлекет басшысы ретінде командалық-штабтық, әскери бірнеше оқу-жаттығу жынына қатыстым. Бұл жаттығулар шынайы жағдайлар, соның ішінде Алматыда болған оқиғалар кезінде ешқандай пайдаға аспады.

Біздің ұстанымымыз – демонстранттарға қарсы қару қолданбау. Полиция қызметкерлерінде атыс қаруы болған жоқ. Оларда тек дыбысты граната, көзден жас ағызатын газ және сумен атқылайтын техника ғана болды. Бірақ бұл машиналарды қолдана алмады. Себебі бұзақылар тартып алған. Ал содырлар бейбіт демонстранттарға қарсы қару қолданбау жөнінде полиция қызметкерлеріне бұйрық берілгенін білген. Қолдарында тек күрек пен сойыл ғана бар жас десанттар өте қатты зардап шекті. Бұзақылар оларды шешіңдіріп, Президент резиденциясына шабуыл кезінде тірі қалған ретінде пайдаланған. Олар өйелдерді де аямаған, тіпті ешқандай аяушылық сезім болмаған.

– Тергеу барысында лаңкестердің қарулы қақтығыс кезінде есіртіп тұтыңғаны анықталып жатыр. Қақтығыстардың соңына қарай күштік құрылымдар қару қолданып, содырлардың аяқтарынан атқан. Сол кезде олар жараланып құласа да, ауырсынуды білмеген, тіпті сезбеген. Міне, бұл да олардың өте мұқият дайындалып келгенін көрсетеді.

Бұзақылардың көпшілігі Алматыдағы бес жұлдызды қонақ үйде жатқаны анықталды. Олардың ақшасын кім төледі? «Қазақстан» қонақ үйінің бірінші қабатында командалық штабтары орналасыпты. Қазір тергеу жүргізілуде. Бірнеше адам сұрақтарға жауап беріп жатыр. Бұрын, тіпті ойға келмеген деректер ашылууда.

– Осы мемлекеттік төңкеріс жасау әрекетінің артында кім түр деп ойлайсыз?

– Оны тергеу анықтайды. Алдын ала ештеңе айтқым келмейді және оның дұрыс болмайды. Өлі атқаратын жұмыс көп. Бір айта кетерлігі, содырлар мен олардың командирлерінің көпшілігі Алматыдан кетіп үлгерген. Бірі ауыл-аймаққа, енді бірі шекарадан өтіп көрші елдерге қашты. Тағы біреулері бет өлпетін өзгертіп бұғып қалды. Сақал-мұртын қырып, сыртқы келбетін өзгертіп ел ішінде жүргендері де бар. Оларды тұтқындаса, «біз жай өтіп бара жатқан едік» деп байбалам салып жатыр. Олай болмайды. Алматыдағы төртіпсіздіктердің ауқымын өзіңіз көрдіңіз. Ал жеме-жемге келгенде бәрі де жай жүргініш боп шыға келеді. Өрине, азаматтарды заңсыз ұстау, оларға күш қолдану деректерінің бәрі тексеріледі. Бұл мәселелерге мұқият қарау керек.

– Өрине, мұның бәрін тексерген жөн. Бірақ қазір құқық қорғау органдарының іс-әрекеттеріне қатыс-

ты көп сын айтылып жатыр. Сіз оған назар аударып, Бас прокуратураға тапсырма бердіңіз. Дегенмен өлеуметтік желілерде бейбіт тұрғындарды ұрып-соғып, азаптауды деген жазбалар «желдей есіп» тұр.

– Ондай арыз-шағымдарда асыра сілтеп жібергендер де бар. Өрине, Алматыда болған оқиғаға байланысты алаңдаушылықтарды түсінуге болады. Сондықтан Бас прокуратураға әрбір жағдай бойынша мұқият тексеру жұмыстарын жүргізуді тапсырдым. Бұдан бөлек, белгілі құқық қорғаушы, адвокат Айман Омарова бастаған Қоғамдық комиссия құрылды. Оны бұқаралық ақпарат құралдарынан оқып білдім. Мен бұл шешімді қолдаймын. Шын мәнінде, қайғылы оқиғалар кезінде болған жағдайларды жан-жақты тексеру үшін қоғам белсенділерін тартуымыз керек.

– Адам құқығы жөніндегі оңбұдсмен Эльвира Әзімова мен белгілі құқық қорғаушы Жеміс Тұрмағамбетованың уақытша ұстау изоляторларына барып, ұсталғандармен кездесіп, олардың жағдайларын көріп, арыз-шағымдарын тыңдап жүргенін білемін. Бұл өте пайдалы жұмыс деп санаймын. Мен Мемлекет басшысы ретінде азаматтардың құқықтарының бұзылуына мүдделімін. Әрбір жағдай жіті тексерілуі тиіс екенін тағы да қайталап айтамын.

– Осы іске жұртшылықтың араласқаны жақсы болған екен. Құқық қорғау органдарына қандай да бір еркіндік берілді. Қалай ойлайсыз, олар асыра сілтеп жібермей ме?

– Біз бұл мәселеде «Сцилла мен Харибданың» арасынан өткендей болуымыз керек. Ең алдымен, бейбіт азаматтар мен Алматы тұрғындарына қарсы бұзақылық әрекеттерге қатысқан адамдарды табуымыз қажет. Екіншіден, азаматтардың құқықтары бұзылуына тиіс. Бұл әрекеттерге мыңдаған бұзақы қатысты деп жаңа айттым. Енді аяқ астынан, бәрі «кездеуісқ жүргініш» болып шыға келді. Мен полицияның заңсыз әрекеттерін ақтап отырғаным жоқ. Егер ондай жағдайлар болса, біз міндетті түрде жолын көсеміз. Ішкі істер министрі тиісті ескертпесін алды. Сондықтан мүмкіндікті пайдалана отырып, азаматтарға, Алматы тұрғындарына құқықтарының бұзылмайтынын мәлімдеймін.

– Жырма мың террорист болды деген дерекке қатысты сұрақ көп. Олар қайдан келген?

– Біріншіден, Алматыдағы бұзақылық әрекеттер бір сағат қана болған жоқ. Полиция департаментінің ғимараты үшін жүргізілген соғыс екі түнге созылды. Полиция содырлардың барлық шабуылына тойтарыс берді. Екіншіден, лаңкестер полиция мен әскери қызметшілерді сан басым-дығымен алды. Бұл содырлардың өте көп болғанын білдіреді.

Үшіншіден, бандиттер Алматыға полиция блок-бекеттері қойылған жақтан, яғни үш бағыттан келіп, талқандап кетті. Полициягер орын ауыстырып, қайтадан алаңға жиналған. Тағы да қарусыз еді. Мәселенің мәнісі – осында. Енді келіп, бұзақылар аз болды дейді. Шын мәнінде, бұзақылар лек-легімен жүрді. Оларды басқарып жүрген біреулер болды. Бір леп барды да, тонады. Одан соң екіншісі келді.

– Сіз ескертудіс оқ атуға бұйрық бердіңіз. Бұл шешім АҚШ пен Еуропадағы демократиялық қоғамдастықтың алаңдаушылығын туғызды. Мұндай қатаң шешім қабылдауға не

түрткі болды?

– Жоғарыда аталған жағдай бойынша құқық қорғау органдары басшыларының нақты алгоритмі, іс-қимыл жоспары болмағанын айттым. Істің мән-жайын бағамдай алмадық. Оны ашық мойындауға тиіспін. Құқық қорғау органдарының басшылары өздеріне жауапкершілік алуға жүрексіңді. Жігерсіздік танытты. Мен оларға: «Егер маршал Рожоссовский мен маршал Жуков Сталиннен әрбір іс-қимылдары туралы күнде келіп, рұқсат сұрай берсе, соғыста жеңер ме еді?» – дедім. Бұл – нағыз соғыс. Жауапкершілікті мойынға алу керек еді. Осыған орай ашық мәлімдеме жасағанға дейін қарулы содырларға қарсы оқ атуға тиіспіз деп айтқан болатынымын. Мен жауапкершілікті өз мойныма алдым. Ал өз мәлімдемемде мұны қайталадым. Өйткені жауапты адамдар жүрексіңді. Дәл осындай жағдайда Мемлекет басшысы жауапкершілікті өзіне алуға тиіс деп ойлаймын. Мен кәсіби дипломатпын. Мұның салдары қандай болатынын білдім. Бірақ мен үшін мемлекеттің мүддесі, азаматтарымыздың қауіпсіздігі бәрінен де маңызды еді. Мен ол кезде Батыстың не дейтіні туралы емес, елімізде төртін орнатуға ғана ойладым.

– Жағдайдың шиеленіскені соншалық, Сіз ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгерлік күштерін шақырдыңыз. ҰҚШҰ-ның бітімгерлік операциясы сәтті жүзеге асырылғаннан кейін «Владимир Путинге «қарыздар» болып қалды, енді бірқатар мәселе бойынша оның талаптарына келісуге мәжбүр болды» деген пікірлер бар екені жасырын емес. Мұндай пікірлер Ресейде де, Батыста да айтылып жатыр.

– Біріншіден, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы – біздің ортақ ұйымымыз. Қазақстан – осы ұйымға мүше. 1992 жылы оны құруға атсалыстық. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев тиісті бастама көтерді. Сондықтан мен бәтен адамдардан емес, ҰҚШҰ-ны көмекке шақырдым. Демек мен өзіме, яғни одақтасарымызға жүгіндім.

Екіншіден, ҰҚШҰ бітімгерлік күштерін тарту ісі осы ұйымның келісілген құжатына сәйкес орындалды. Сондықтан бұл заңды деп санаймын. Үшіншіден, Қазақстанға келген ҰҚШҰ бітімгерлік контингенті бірде-бір оқ атқан жоқ. Бітімгерлік күштер стратегиялық нысандарды ғана күзетеді, қалған мәселені өзіміз шешеміз. Бізге тыл керек деп ең басында келісілген болатын.

Төртіншіден, Қазақстанға бітімгерлік күштердің келгені туралы ақпарат психологиялық тұрғыдан маңызды рөл атқарғанын, бұзақылардың зәре-құтын қашырғанын түсінген жөн. Мұның үлкен күш екені түсінікті. Айтпақшы, бұл бірқатар бітімгерлік контингент. Оның құрамында Ресейден бөлек Беларусь, Армения, Тәжікстан және Қырғызстан елдерінің әскери бөлімдері де болды.

Ал енді «қарыздар» және тағы да басқа қауестерге келер болсақ, бұған қатысты Владимир Путинмен ешқандай өңгіме болмағанын ашық айтамын. Кремль тарапынан да алдын ала ешқандай шарт айтылған жоқ. Түптеп келгенде, Қазақстан үшін Ресей одақтас мемлекет. 2013 жылы Екатеринбургте тиісті шартқа қол қойылды. Айтпақшы, мен ол кезде Женевада едім. Сондықтан бұл шартты өзірлеуге қатысқаным жоқ. (жағалсы 2 бетте)

## РЕФОРМА - ЖҮЙЕНІҢ ЖҰМЫСЫН ТҰРАЛАТПАУЫ ТИІС!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей эфирдегі сұхбатын толық тыңдадым, жүзеге асырылатын шараларды нақты айтып берді. Реформа жүйенің жұмысын тұралатпай, жандандыра түсу үшін қажет деді. Сонымен қатар, парламенттік жүйені, партиялық жүйені жаңғыртудың қажет екендігін, саясат пен экономиканы қатар алып жүру керектігін, қоғамды саяси трансформациялау мен экономикалық жаңғыртулармен бірге жүргізу қажеттілігін айтып өтті. Сот жүйесіндегі реформалардың жүргізіле беретіндігін, оны одан өрі жақсартуға бағытталған шараларды атап көрсетті. Президенттің бастамасымен құрылған «Қазақстан халқына» қорының халықтың мұң-мұқтажына, өл-ауқатын жақсартуға жұмсалатынын нақты айтты және оның игі бастама екендігін ескеру қажет. Жалпы сұхбат барысында айтылған мәселелер мен еліміздің алған жаңа бағыты көңілеге сенім ұялатады, өрі халықтың пайдасына жұмыс жасайтынына толық сенемін! Президенттің алған бағытына сәттілік тілеймін!



Шеркешбай ҚОСТАНОВ,  
зейнеткер, тыл ардагері.

## СЕНІМДЕРГЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың отандық телеарнаға берген сұхбатын мұқият тыңдап шықтым. Шыңдығында бұл сұхбатта бәрімізді көптен бері мазалап жүрген сұрақтарға нақты жауаптар берілді. Ең алдымен «Қаңтар оқиғасына» қалай тап болдық? Және сол уақыттағы бізге беймәлім болған жайттар кененен айтылды. Еліміз үшін қиын сәттерде тың шешімдер қабылдау қажеттігі туындағанынан хабардар болдық. Президент елдегі төртіпсіздіктер тасасында кім тұрғанын тергеу қорытындысы көрсететінін айтты. Сондай-ақ тосыннан заңсыз ұсталған азаматтардың бар екенін, оларға қатысты күш қолдану әрекеттері егжей-тегжейлі түрделетінін тілге тиек етті. «Мәжілісте бірнеше мыңдақ партия болуға тиіс. Олар тіпті Үкіметті құруда да тіл табыса білуі керек. Бізге осындай өзгерістермен бірге саяси мәдениет деңгейін көтеріп, саяси тұлғаларды тәрбиелеу қажет. Популизмнен арылу керек. Германияға қараңыздаршы, партиялар ауысып тұрады. Барлығы мәдени түрде өзгерді. Партиялар үкіметтегі лауазымды қызметтерге өз өкілдерін ұсынады. Мәнінше, уақыт өте біз осыған келеміз», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Сұхбаттан аңғарғанымыз, бәрі айқын мазмұнда көрсетілді. Оның таяу арада жүзеге асытынына үмітіміз зор. Өйткені Президент сөзі бәрімізді осындай сенімдерге жетелейді.

Тыныштыбай ШАЛАБАЕВ,  
еңбек ардагері.

## БАРЛЫҚ ҚАДАМ ЕЛ МҮДДЕСІНЕ БАҒЫТТАЛДЫ

Қаңтар айының алғашқы аптасында елімізде жалпы бейбіт митинг басталғаны көпке мәлім. Бейбіт шеруге шыққан халық елімізде көп жылдардан бері қордаланып қалған мәселелерді көтерді. Алайда оның соңы арада тушылардың арам пиялыны іске асырумен ұштасып кетті. Осы тұста мемлекет басшысы халықпен бірге екенін көрсетіп, оқылықтардың алдына ала білді. Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Хабар» телеарнасына берген сұхбатында саясат пен экономиканы тең алып жүру керектігін ашық жеткізді. Сонымен қатар өзіне берілген мерзім ішінде парламенттік және партиялық жүйеге толық реформа жасауға тырысатындығын да жасырмады. Расында Президентіміздің соңғы шешімдерінің барлығы мемлекет мүддесі үшін жасалынып жатқандығы аңғарылады. Ел басына күн туған шақта маңызды шешімдер қабылдады. Өйткені, елдімізді сақтап қалу мен ел мүддесіне бағытталған шешімдерді қабылдай білуі Президенттің тұтас ұлт алдындағы жауапкершілігін көрсетеді.



Маулен ТӨРЕМУРАТОВ,  
Аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы.

## КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ



Жұртшылықтың басым көпшілігі еліміздегі төртіпсіздіктер мен іске аспаған төңкеріс кезіндегі мемлекет басшысының шешімін қолдады. Өйткені қазақ жұртшылығы қаншама қасырлардан бері осы бейбіт күнге аңсап жетті. Өрине халықтың талап-тілегін жоққа шығаруға болмайды. Көптің тілегені Тәуелсіздікті тас-талқан қылу емес, өлеуметтік тепеңдікті сақтау еді. Өйткені билік басындағылардың кембағал тұстары өлеуметтік өлсіз топтың қытығына тигені шүбәсіз шыныдық. Сондықтан бейбіт митингке жұмылдыр-мыс. Нәтижесінде қара халықтың жанайқайын естіріп құлақ барына өбден көз жетті. Ал, лаңкестердің әрекеті осындай орайлы сәтті пайдаланып сын сағатта ел ішінде ірікті салу болды. Сөзге тоқтай білген батыр елдің ұрпағы айрандай ұйған бірлігімізді сақтау үшін сабыр сақтап, істің байыбына білді. Төртінсіздікке жол бермеді. Өліптің артын баққан ағайынға мемлекет басшысы басу айтып сындарлы кезеңде күшіміз бірлікте екенін айтты. Мұны мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Хабар» телеарнасына берген сұхбатында да ашық жеткізді. Көптің көкейінде жүрген сұрақтарға да бүкпесіз жауап берді. «Біз, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінің аясында ұлттық қауіпсіздік жүйесін реформалаймыз. Қаңтардағы қайғылы оқиғалар бұл мәселенің қаншалықты өзекті екенін көрсетті. Сондықтан осы проблеманы көп сөзбай шешу қажет», - деп барша қазақстандықтарды ауыз бірлікке шақырды.

Талғат ИМАНГАЛИЕВ,  
Аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы.

## Қ.ТОҚАЕВ: АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БҰЗЫЛМАЙДЫ

Онда Қазақстан мен Ресейдің одақтастық қатынастары туралы айтылған. Біздің елдеріміз арасындағы байланыстар Алматыдағы оқиғаларға дейін де әрдайым тығыз, сындарлы, өріп шын мәнінде серіктестік сипатта болды және жалғаса береді.

Мен ақпан айының ортасына қарай Ресей Президентінің шақыруымен Мәскеуге сапармен барамын. Сонда елдеріміз арасындағы ұзақмерзімді ынтымақтастыққа қатысты аса маңызды келісімге қол қоямыз. — *Қасым-Жомарт Кемелұлы, интернеттің қауіпсіздік мақсатында сендірілгені түсінікті. Осы кезде жұрт ақпарат ала алмай қалды. Түрлі ақпарат тарады. Енді шын мәнінде не болғанын ежіктеп түсіндіруге мәжбүр болып отырмыз...*

— Рас, біз ақпараттық тұрғыдан жеңілгенімізді мойындауымыз керек. Ешкім менің бұйрығымды да, іс-әрекетімді де толық түсіндіре алмады. Кейіннен мен өзім тікелей араласып, ана жерге барып ананы айт, мына жерге барып мынаны айт деп тапсырмалар беруге мәжбүр болдым. Яғни ақпараттық тұрғыдан жеңіліп қалдық, Сізбен келісемін. Алайда бізде оған уақыт болған жоқ. Өтіп кеткеннен кейін бөріміз ақылдымыз. Ол кезде біз туралы кімнің не айтатынын ойлайтын шама да болған жоқ. Мұндай жағдайда интернетті Қазақстанда ғана емес, басқа да бірқатар елде өшіреді. Себебі оны теріс пайдалны адамдар өз мақсаттарына пайдаланып кетеді. Бандиттік құрылымдардың командирлері арасында ақпараттық тұрғыдан арнайы дайындықтан өткен адамдардың болғанын атап өту керек. Демек жалған ақпараттар легі, былайша айтқанша, фейктер үздіксіз ағылып жатты. Бұның Қазақстанға қарсы жан-жақты дайындалғандардың пайда-сына жұмыс істегенін тағы да қайталап айтқым келеді.

— *Тұңғыш Президентке қатысты тақырыпқа нүкте қойсақ кайтеді. Сіз бен Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың арасында қандай да бір келісім немесе уағдаластық болды ма? Өйткені ол телеарналар арқылы үндеу жасағанына дейін Сіздердің араларыңызда оның жеке басының және отбасы мүшелерінің артықшылықтарын сақтауға қатысты мәселе саудаға салынды деген қауесет бар.*

— Саудаға салу деген мәселе ешқандаш болған емес. Жеке басының артықшылықтары жайлы да өңгіме қозғалған жоқ. Тек Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы мәртебесіне қатысты мәселені шұғыл шешу жөнінде өңгіме болды. Жасыратыны жоқ, жағдай ұшығып кеткендіктен, мен халыққа үндеу жасап, осы сөттен бастап Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы екенімді мәлімдейтінім туралы мәселе көтердім. Бұл — сол сөтте шешілген мәселе. 28 қаңтарда «Нұр Отан» партиясының съезі өтті. Сонда мен сөз сөйлеп, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи рөліне лайықты баға бердім. Бұл еділ баға деп есептеймін және алдағы уақытта халқымыз осыған тоқтайды деп үміттенемін.

— *Митингтер басталған кезде көптеген танымал азамат адамдарды көшеге шығуға шақырды. Жалпы, қоғамдағы түрлі жағдайларға қатысты пікір білдіріп жүретін зиялы қауым өкілдері мен танымал тұлғаларға қатысты Сіздің ойыңыз...*

— Тарихтың аумалы-төкпелі сәттерінде зиялы қауымның рөлі айрықша көрінеді. Басымыздан өткен трагедияға қатысты айтар болсақ, зиялыларымыз бен медиа тұлғалар есенділер қалған сияқты. Өйткені ол кезде ахуал тез өзгеріп жатты. Бейбіт шерушілердің орнына алғашында бұзақылар, кейіннен кәсіби бандиттер келді. Осы сөтте таланды арналысты кейбіреулер түсінбеді. Мүмкін кейбір бұқаралық ақпарат құралдары бейбіт шерушілерге қатысты жазалау шаралары қолданылды деп, бөрің өдейді бұрмалап көрсеткен шығар. Ал шын мәнінде, бұл қасіретті бастан өткерген біз іс жүзінде басқаша болғанын анық білеміз. Қазақстанға шабуыл ұйымдастырушылар алаңдағы жылдам өзгеріп жатқан аласпыранды өдей ойластыруы мүмкін. Сөйтіп, жағдайды ұшықтырды.

Мәселен, қалаға бандиттер кірген кезде Алматы тұрғандары олардың кімдер екенін түсінбестен, «міне жарады, көшеге шықты, билікке қарсылық танытып жатыр» деп ұрандап, қолдау көрсетті. Сол кезде қала тұрғындары содырлардың бұйп қаланы қиратып, отқа орап кететінін білген жоқ еді.

— *Енді, сүйікті қаламыз Алматы туралы айтар болсақ, қаланың Алматы, Алма-Ата атауларына қатысты әртүрлі пікір бар. Бұған сіздің көзқарасыңыз қандай? Сонымен қатар қала өкімі Бақытжан Сағынтаев пен оның орынбасарларына қатысты кадрлық өзгерістер болма ма?*

— Ал өзіңіз қалай ойлайсыз? Өкімнің орнында қалғаны дұрыс па еді ауыстыру керек пе?

— *Сіз 26 мың адам қол қойған петицияны көрдіңіз бе?*

— Көрдім. Әкімге қатысты айтар болсақ, ол сол сөтте, шынымен де, абырпап қалды. Өмірінде бірінші рет осындай жағдаймен бетпе-бет келген шығар. Кез келген адам қысылғанда тығырықтан шыға білмейді. Сондықтан өкімді айыптағым келмеді. Ол міндетін адал атқаратын қызметкер. Дегенмен алматылықтардың пікірлерін де ескеруім керек. Уақыты келгенде біле жатарсыз. Бұл — бір. Екінші, қала атауына қатысты. Қазір шешім қабылдап, барлық құжаттарды қайта өзгертудің қажеті не? Алматы деп атау қазақтілді жұртшылыққа қолайлы, ал орыс тілінде Алма-Ата деп айту ыңғайлырақ. Еңдеше, былай келісейік, қаланың ресми аты Алматы болып қалсын. Ал қала тұрғындары мен қаламызға бейжай қарамайтын азаматтар өздеріне қалай ыңғайлы болса, солай атай берсін.

— *Сіз бизнесмендермен өткен кез-*

*десуде жастарғағы техникалық мамандықтарға көбірек бейімделуі керек екенін айттыңыз. Ол үшін Ресейде білім алсын дедіңіз. Осы баспаманы сынап жатқандар да бар. Олар неге Батыста емес, Ресейде оқу керек деген ұяж айтады. Сіз, шынымен, Ресейдің білім беру жүйесін озық деп есептейсіз бе?*

— Ресейде техникалық білім беру сапасы жоғары. Бұл бөріне белгілі. Мысалы, Мәскеуде МФТИ, Бауман училищесі, Новосібір университеті, Томск университеті және басқа да жоғары оқу орындары бар. Әрине, ешкімді міндеттемейміз. Ол жай ғана Ресейге оқуға жіберген дұрыс деген ұсыныс болатын. Біріншіден, тіл мәселесінде кедергі жоқ. Екіншіден, екі ел стратегиялық серіктес, ірі бизнеске қатысты бірлескен кәсіпорындарымыз да бар. Бізге Ресейде оқып, техникалық мамандық алған кадрлар қажет. Кейбіреулер Батыста білім алғысы келеді. Оларға да еш кедергі жоқ. Бірақ ол жақтың білімінің өзіндік ерекшеліктері бар екенін түсіну керек. Батыстың білімін идеал түтпас едім. Олардың университеттері де диплом басып шығаратын кеңселерге айналып кеткенін білеміз. Жасыратын несі бар, біздің кейбір жастарымыз Батыстағы «қашқанды төле де, біраз уақыттан кейін дипломыңды ал» дейтін оқу орындарында оқыған. Онысын танымал университет бітірдім деп, тым өсірлеп жібереді.

— *Бизнесмендермен өткен кездесуде елімізде елдебір олигополия қалыптасқанын айттыңыз. Бұл сөзіңіздің астарында не жатыр? Ат төбеліндей өз ғана іскерлер тобы экономиканың негізгі секторларын бақылап отыр дегеніңіз бе?*

— Иә, шын мәнінде, бұл алаңдататын өзекті мәселе. Олигополия дегеніміз не? Ол — экономиканың негізгі секторларын аздаған адамдар тобының толығымен бақылауы. Өкінішке қарай, бізде осындай жағдай қалыптасқан. Сол аз ғана адамдардың тобы жоғары басшылыққа өте жақын болып, мемлекет тарапынан қабылданатын шешімдерге ықпал еткен. Бұл жағдай бізде де бар.

— *Әрине, біз мұны түсіндік. Ал енді не істейміз?*

— Жұмыс өте көп. Ең алдымен, орта және шағын бизнеспен айналысатын кәсіпкерлердің санын көбейтуіміз керек. Басқа жолы жоқ. Соларға жағдай жасап, несе ресурстарының колжетімді болуын қамтамасыз еткен жөн. Біздің экономикамыз соншалықты үлкен деп айта алмаймыз. Қазір еуразиялық интеграцияның дұрыс немесе бұрыс екенін сараалап отыратын уақыт емес. Қалай болғанда да, еуразиялық кеңістікте өмір сүріп жатқанымызды мойындауымыз керек. Сондықтан оған бейімделіп, мемлекет мүддесі тұрғысынан интеграцияның иілігін көруге ұмтылған абзал. Бұл біздің Үкіметіміз үшін ауқымды өрі өте күрделі жұмыс. Үкімет қызметінің осы бағытына ерекше мән беремін. Бұған жауапты министр Премьер-Министрдің орынбасары деген мәртебеге ие болды. Өйткені ол Мәскеуде де, Еуразиялық экономикалық комиссия аясында да тең дәрежеде келіссөз жүргізе білуге тиіс.

— *Сіз Парламентте сөйлеген сөзіңізде қыркүйек айында елдебір саяси-экономикалық реформалардың топтамасын ұсынатыныңызды айттыңыз. Қандай реформалар екенін білуге бола ма? «Егер бірденені өзгерткің келсе, одан құтылу керек» деген сөз бар. Бұрынаының бәрін жойып, қайтадан бастаймыз ба?*

— Мен кадрлардың бөріні ауыстыруға қарсымын. Біріншіден, оларды біліктілігі мен жұмыстарының сапасына қарай бағалау керек. Жұрттың талабы осы екен деп Үкіметті жүз пайыз өзгертіп, «Міне, мен келдім, мен — революционермін» деу — менің тәсілім емес.

Екіншіден, кадр да көп емес. Осы орайда мынадай бір өзін-өңгіме бар, бөлікім бұн рас болуы да мүмкін. Бірде Берия Сталинге келіп, «Жазушыларға шара қолдану керек. Фадеев ішеді, Шолохов ішеді, Вишневский ішеді, Симонов ішеді, Алексей Толстой да бұдан кет өрі емес», — дейді. Сталин оған: «Менің басқа жазушыларым жоқ», деген екен.

Бұл жерде де лайықты министрлерді іздеу керек. Көшеден өкеліп тағайындай салуға болады. Ондай жағдай өлем тарихында да бар. Бірақ бұл тұрақсыздыққа өкелуі, бүкіл жүйені шатаққандтып жіберуі мүмкін. Сондықтан кадр мәселесіне мұқият болған жөн. Алдағы уақытта жан-жақты ойластырылған, пысықталған өзгерістер жасаптыны анық. Біз, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінің аясында ұлттық қауіпсіздік жүйесін реформалаймыз. Қаңтардағы қайғылы оқиғалар бұл мәселенің қаншалықты өзекті екенін көрсетті. Сондықтан осы проблеманы көп созбай шешу қажет.

— *Аталған реформаларды жүзеге асыру үшін қанша уақыт керек?*

— Реформалардың мән адамдарды өзгерту емес. Реформалар, ең алдымен, жүйені өзгерту немесе жүйенің кемшіліктерін түзетіп, оның қызметіне түбегейлі өзгерістер енгізу деген сөз. Алда болатын кейбір оқиғаларға болжам жасай отырып, еліміздегі парламент пен партия жүйесін реформалау жөнінде ойларым бар. Мемлекет басшысы ретінде бұл туралы 28 қаңтарда өткен партияның съезінде айттым. Президент қоғамдық-партиялық және саяси құрылымдардың бөрінен біршама жоғары тұруға тиіс деп санаймын. Әртүрлі қоғамдық-саяси күштерді мемлекеттіміздің мүддесіне жұмылдыра білуім керек.

— *Иә, бөлікім, елімізде лайықты оппозиция біріте-бірте қалыптасар. Әйтпесе, меніңше, оппозиция деген жай сөз ғана сияқты.*

— Әрине, оппозиция бізде бар, бірақ көбінесе көшеде ғана. Сізбен келісемін. Билік партиясының өзінде де оппозиция бар. Бұған дейін айтқанымдай, партия қоғам қажеттіліктерін ескере отырып, қайта құрылуға тиіс. Мәжілісте бірнеше күшті партиялар

болуы керек деп санаймын. Тіпті Үкіметті жасақтау кезінде конституциялық басымдық болмаса, олар ортақ мәмілеге келу керек. Бізге саяси мәдениет қалыптастырып, саяси қайраткерлерді өсірген жөн. Себебі мұндай экстремистік жағдайларда бізге қоғамдық популизм мен экзальтация қажет емес. Мысалы, Германияда барлығы да мәдениетті түрде өтеді. Партиялар ауысады. Адамдар байсалды сөз сөйлейді. Басқа партиялар оларды тыңдап, белгілі бір мәмілеге келеді. Үкіметтегі негізгі лауазымдарға өздерінің адамдарын ұсынады. Уақыт өте келе, біз де осыған келеміз деп ойлаймын. Мен Президент болып тұрған кезде осы нәтижеге қол жеткізім келеді.

— *Шын мәнінде, қазіргі уақытта халық Сізден зор үміт күтеді. Елімізде өзгеріс жасай алатын Президент бар деп түсінеміз. Бұрын мұндайды сезінбейтін едік....*

— Бұрынғының бөріні сынай бермейік. Қалай болғанда да, бұл — біздің тарихымыз. Бірақ менің Президент ретіндегі басты міндетім — бүкіл қоғамды және барлық саяси жүйені, соның ішінде экономиканы трансформациялаудың оң нәтижесіне қол жеткізу. Қазақстан халқына арнаған ең алғашқы Жолдауымыда саясат пен экономика қатар жүретінін айтқан едім. Қазіргі тарихи жағдайда бүгін экономикामен айланысамыз, ал саясат күте тұрады деп айта алмаймыз. Экономикалық жаңғыруды қарқынды жүзеге асыруда саясат та маңызды рөл атқаратыны белгілі. Түптеп келгенде, баршамыз Марксты оқыдық, өсіресе, менің замандастарым. Бұл жөнінде Маркстың: «Негіз — бұл экономикалық базис. Бірақ экономикалық базиске ықпал ететін саяси құрылым бар. Кейде экономикалық базиске қарағанда, саяси құрылым өлдеқайда маңызды рөл атқарады» деген ой-тұжырымы бар. Сондықтан қоғамды саяси трансформациялаумен қатар экономиканы қайта жаңғыртуды да бірге алып жүру керек. Бұл — менің миссиям. Қанша уақыт Қазақстан Президенті болатынымды білмеймін. Бірақ нақты білетімін, Конституцияға сәйкес екі мерзімнен ұзақ отыра алмаймын. Яғни ешқандай заңға, өсіресе Конституцияға өзгерістер енгізілмейді.

— *Сот жүйесіне реформа жасала ма?*

— Тұрасын айтайын, сот жүйесіне алаңдаушылықтың болуы заңды. Қазіргі уақытта реформа жүргізіліп жатыр. Оның қалай және қандай қарқынмен іске асырылып жатқаны — басқа мәселе. Мен кәсіпкерлермен өткен кездесуде бұрын болмаған Әкімшілік істер жөнінде алқа құру туралы айттым. Бұл құрылым кәсіпкерлік мәселелерді, инвестициялық дауларды қарастырумен айналысады. Қазір біз судьяларды іріктеу кезінде шешуші рөл атқаруға тиіс Жоғарғы Сот кеңесінің мәртебесін біршама күшейтіп келеміз. Судьялар корпусына кәсіби судья емес адамдарды да жібердік. Кәсіби судья әділ төрелікті кепілі деген сөз емес қой. Сол сияқты корпоративтік сектор мен басқа да салаға мамандарды жолдап отырмыз. Яғни судьялардың кәсіби құрамына өзгеріс жасау қажет. Оларға қойылатын басты талап — адалдық пен әділдік.

— *Сіздің бастамаңызбен құрылған «Қазақстан халқына» қорының қамқоршылық кеңесі жасақталды. Қазіргі өзінде 20 миллиард теңгеден астам қаржы түскен. Мүмкін, оның жұмыс істеу тәтіелі де нақтыланбай отырған шығар. Өйткені олигархтар қорға ақша аударуға асығар емес. Бұл үрдіс тұрақты болу үшін оларға қатысты қандай да бір шара қолданыла ма?*

— Қазіргі кезде Қордағы ақша 20 миллиардтан өлдеқайда көп, шамамен 50 миллиард теңгедей. Мен Қордың жұмысына араласпаймын. Бұрының Қаржы министрі Болат Жәмішев Қордың басшысы болып тағайындалды. Қамқоршылық кеңесі бір. Олар қоғамдық бастама бойынша жұмыс істейді. Менің жұмысым Қорға жанау түсіру ісіне ықпал ету және бұл жөнінде өзіміздің ұстанымдымыз айт-ты. Біріншіден, бұл — салық емес, қайырымдылық. Бірақ әрдайым оның да белгілі бір параметрлері болуы керек. Үкімет салық салынатынын табыстың 3 пайызы деп белгіледі және бұл тек ірі бизнеске ғана қатысты. «Қазақстан халқына» қоры науқас балаларға, бұқаралық спортқа, оның ішінде ауылдық жерлердегі балалар спортын дамытуға, Алматыны қалпына келтіруге, мәдениетті өркендетуге және басқа да игі шараларға көмектеседі. Бұл мәселелермен Қамқоршылық кеңесі айналысады.

— *Тағы бір мәселе. Еуропарламент Қазақстандағы оқиғалар бойынша қарар қабылдап, халықаралық тергеу жүргізуді талап етуде. Бұл құжатқа қатысты Сіздің пікіріңіз және Еуропарламент институтына көзқарасыңыз қандай?*

— Институт ретінде Еуропарламентке деген көзқарасым дұрыс. Осы тұрғымен мүше болу мемлекеттерге қаншауға түсетінін адамдар білсе, онда бұл институтқа деген сыни көзқарастары күшейе түсер еді. Бірақ бұған тоқталым келмейді. Өйткені бұл — Еуропалық одақтың мәселесі. Егер олар мұндай институт қажет деп санаса, өздері білсін.

Қарар ештеңеге міндеттемейді. Ұсыныс ретінде айтылған. Қазақстанға қатысты екінші рет қарар қабылданып отыр. Мұны мүлдем объективті емес және күні бұрын қабылданған құжат деуге болады. Сондықтан бұл қараға бола еш алаңдамайтын. Қазақстандағы оқиғаларға қатысты халықаралық тергеуге келетін болсақ, мұндай тергеу жүргізудің қажеті жоқ деп есептеймін. Өзіміздің де қолымыздан келеді. Бізде де адал өрі еділ мамандар бар. Бүгін ол азаматтардың біразының аттарын атадым. Бұл комиссияларды құруға мен де және менің өкімшілігім де қатысқан жоқ. Өздері ерікті түрде осындай институт құруға шешім қабылдады.

Жұмыс істесін. Өйткені мен де ақиқаттың ашылып, шындықтың айтылуына мүдделімін.

Тағы бір айта кетерлігі, бұл қарардың қабылдануына лоббистер түрті болған. Лоббистер — кезінде Қазақстанның қыруар ақшасын қалтасына басып шетелге кеткендер. Қазір олар сол ақшаларын елімізде түрлі шерулер ұйымдастыруға жұмсап, «қаншалықты жаман болса, соншалықты жақсы» деген қағидаға сүйенетін адамдардың тапсырысымен жұмыс істейді. Мен бұларды Өзбекстанның олигархтарымен салыстырамын. Шетелде мол қаражат тапқан олар өздерінің тарихи отанына келіп, Өзбекстан Президентінен «Өзбек халқына не істей аламыз, қандай көмек керек?», — деп тапсырма сұрайды. Содан кейін өз қаражаттарына ауруханалар, инфрақұрылымдар салады. Елімізде отырып немесе шетелде жатып, өз еліне шабуылдайтын біздің олигархтардың өзбек олигархтарынан айырмашылығы міне, осындай.

— *Соңғы кездері синофобиялық пікірлер байқалып жүр. Кейбір адамдар Қытайдың Қазақстан экономикасына қатысуына наразылық білдіреду. Қытаймен арадағы ынтымақтастықтың сипаты өзгері ме? АҚШ-пен қарым-қатынасымыз қалай өрбімек? Байланыстарымызды саябат түсуі мүмкін бе?*

— Қытайға қатысты айтар болсақ, көршіні біз таңдамаймыз. Қытай, ең алдымен, біздің Құдай қосқан көршіміз. Екіншіден, Қытай — экономикалық даму жағынан орасан зор табысқа жеткен ел. Жоғары технология, жасанды интеллект тұрғысынан алып қарағанда, алдыңғы қатарда тұрған мемлекет. Әрине, Қытаймен ынтымақтастық жасауымыз керек. Біз Қытайдың нарығына тәуелдіміз. Елімізде стратегиялық өнімдер шығаратын ірі кәсіпкерлердің бөрі Қытай нарығына үміт артады. Бұны жоқта шығару дұрыс емес. Қытайға қарсы шеру өткізетіндер өздерінің саяси мақсатын жүзеге асырғысы келетіні анық. Бөлікім, олар экономикамызға не қажет екенін мүлде түсінбейтін және экономикалық шынайы ахуалдан хабары жоқ адамдар. Өйтпесе, өлемдік қоғамдастықта геосаяси қақтығыстар жүріп жатқан қазіргі кезде оларға қандай да бір қорлар мен құрылымдардан ақша төленуі де мүмкін.

Жуырда өткен «Орталық Азия — Қытай» саммитінде былтырғы 11 айдың ішінде екі ел арасындағы сауда айналымы 17 миллиард долларға жеткенін айттым. Бұл — маңызды көрсеткіш. Біз Қытаймен арадағы саяси-экономикалық, инвестициялық серіктестікті одан өрі дамытуға мүдделіміз. Қытайды тануымыз және қытай тілін үйренуіміз керек. Әрине бұл «ақ жалау көтеріп, алдынан шығу» деген сөз емес. Біз Қытайдың үлкен өрі ұлы мемлекет екенін және екі елдің өте жақсы қатынаста болуы керектігін түсінгеніміз жөн.

Ал АҚШ-тың қазіргі өлемде маңызды рөл атқаратыны баршаға мәлім. Біз энергетика саласы мен ядролық қаруды тартпау мәселесі бойынша ерқашан ынтымақтастықты дамыту бағытын ұстандық. Қазақстан бұл бағытты жалғастыруға дайын.

— *Сіз шынымен де мемлекет мүддесін жеке қарым-қатынасыңыздан жоғары қоясыз ба?*

— Осы соңғы оқиғалар мемлекеттің мүддесін бөрінен жоғары қоятындымы көрсетті деп ойлаймын. «Платон менің досым, бірақ ақиқат қымбат» деген сөзді білшілікке ұнау үшін айтқан жоқпын. Бұл бос сөз емес. Шын мәнінде, Президент үшін мемлекеттің мүддесі қандаша бөрінен жоғары тұрды керек деп есептеймін. Менімен жақсы қарым-қатынастағы адамдардың да құлағына алтын сүрме. Егер таразы басында мемлекеттің мүддесі тұрса, онда мен бұл қатынастан бас тартуға тиіспін.

— *Адами тұрғыдан қиын гөй. Олай істеу мүмкін бе?*

— Мемлекет басшысының міндеті — аса күрделі шешімдер қабылдау. Біз бүгін құқық қорғау органдарына қарулы бандиттерге байланысты берген бұйрығын туралы айттық. Әрине, мен өзіме және беделіме нұқсан келтіретін шешім қабылдадым. Өлемдік қауымдастық алдында мінсіз тұрла болып, қол алысып, сөз сөйлеп жүре берген, өрне жасық. Ал сыңға ұшыраған оңай емес. Сөз мемлекеттің қауіпсіздігі туралы болып отыр. Ең алдымен, өз азаматарымыздың амандығын ойлаған абзал. Бұл мәселе үнемі Президенттің жадында болуы керек.

— *Жұртшылықтың басым көпшілігі еліміздегі төртпісіздіктер мен іске аспаған төңкеріс кезіндегі Сіздің шешіміңізді қолдады. Жақсы баға беріліп жатыр. Қазақтың бір ақыны сізге өлең арнады. Біз осы бәз-баяғы қалпымызда жүрген жоқпыз ба? Мұндай жағдайды бастан өткердік қой. Жалпы, мадаққа қалай қарайсыз?*

— Мен бұған қарсымын. Өйткені мақтау, мадақтау сөздері мүлде жоқ ортада өстім. Мен мұндай жағдайларды қолдамаймын. Мақтау сөздерге табиғи иммунитетім бар дей аламын. Бірақ біздің кейбір зиялы қауым өкілдерінің көзқарасын өзгерту оңай емес. Әрине, олар мүлде басқа ортада өсті. Мақтау сөздер мен мадақтың ең қажеті жоқ.

— *Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгеігі сұхбатыңыз үшін алығым шексіз. Бөріміз қызғығы мен шығығы көп уақытта өмір сүріп жатырмыз. Қазақстанның бірде-бір тұрағыны жауапкершіліктен қашпайды. Өйткені қазір мұны біз үшін біреу істейді дейтін заман емес. Бөріміз үшін елімізді жақсы жағына қарай өзгерте-тін, жайлы өмір сүруге ұмтылдыратын оңтайлы сөт туды деп ойлаймын.*

— Өмірге деген осындай оптимистік көзқарасыңыз үшін рахмет.

— *Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да рахмет айтамын.*

**Әңгімелескен**  
**Вера ЗАХАРЧУК, Журналист.**  
**«Egemen Qazaqstan»**

# ДҰРЫС ВЕКТОР

Экзальтация и отчаянный популизм Президентом не приветствуются. И это он ясно дал понять.

Президент Қасым-ЖомартТоқаев «Хабар» арнасына интервью берді. Мемлекет басшысы бірнеше маңызды мәселеге тоқталды.

Терең, жан-жақты Саяси реформа бағдарламасы болады. «Парламент, партия жүйесінің реформасы қажет. Партиялар дамуы керек.

Мәжілісте бірнеше күшті саяси партия болуы тиіс. Олар Үкіметті жасақтауға қатысуы абзал».

Президент екі мерзімнен артық лауазымда отырмайды.

Бұл қоғамға, елге нақты сигнал.

Мемлекет өзі заңға бағынады, әділеттілік принциптерін ұстанады деген сөз.

Бағыт-бағдар мемлекеттік институттарды дамытуға арналған.

**Ерлан САИРОВ,**  
**саясаттанушы.**

## БАРЛЫҒЫ МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІ ҮШІН ЖАСАЛҒАНЫ АҢҒАРЫЛАДЫ

Жағымпаз жазушыларды түзей алмайсың. Олардың таным-талғамы бүгінгі дәуірмен үйлеспейді. Ал менің мақтау мен мадаққа қарсы иммунитетім бар...

Сонымен, Тоқаевтың сұхбатын тыңдап шықтық. Эфирдің орысша өткені көңілге кірбің түсірді демесеніз, тұтастай алғанда журналистің сұрақ қойығы унады. Мұны мойындау керек. Көптің көкейінде жүрген, қаны сорғалаған сауалдар қойылды.

Тоқаев та жалтарған жоқ. Негізінен қазақ тілді аудиторияны толғандырып жүрген бірсыпыра сауалға бүкпелсіз жауап қатты.

«Назарбаевтың қателігін қайталамауға тырысамын. Экс-президент үшін қастерлі сан

**ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚАЗАҚСТАН ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ**

Жемқорлық бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Жемқорлықпен күрестегі бейқамдық пен әрекетсіздік халық наразылығын тудырушы фактор болып табылады. Сыйбайлас жемқорлық індет, оны жою міндет екендігін әрбір азамат пен азаматшалар түсініп, қазақ қоғамының өлеуметтік экономикалық дамуының деңгейін арттыру үшін жемқорлықпен күресті әр адам өзінен бастауы қажет. Кемел мемлекетті қалыптастыру үшін қоғамда, елде болмауы керек бір маңызды дүние болса, ол – жемқорлық. Біз өте күрделі кезеңде өмір сүріп жатырмыз, экономикалық реформалар мен дағдарыс кезеңі, трансформация уақыты. Теріс тәуелдерге сөйкес, жемқорлық – зерт қыбылсы. Бұл қоғамның негіздерінбұзады, дамуға қауіп төндіреді, мемлекеттік органдарға деген сенімділіктің төмендеуіне ықпал етеді. Сыйбайлас жемқорлықтың үлкен кемшілігі, ол мемлекеттің экономикалық салаға зиян тигізіп, елдің және оның әрбір азаматының жалпы өл-ауқатын төмендетеді. Бұған қоса мұның бәрі халықтың үкіметке

деген сенімін жоғалтуына әкеліп соғады.

Адалдық, әділеттілік, кез келген құқық бұзушылыққа қатысты ауытқушылық, адам құқықтарын қорғау арқылы жемқорлыққа қарсы тұруға болады. Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық өрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Осы мақсатта біздің ұжымда жемқорлыққа қарсы өз жұмысын жүргізіп келеді. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақтөбе облысы бойынша департаментінде тұрақты негізде жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған сенім телефоны жұмыс жасайды, азаматтардың арыз-өтініштері үшін арнайы жөшік орналас-тырылған, сонымен қатар комитет пен департаменттің ресми сайттары [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) арқылы тұндаған сұрақтарға жауаптар алуға болады. Әр айдың белгіленген күндері департамент басшысы мен оның орынба-сарларының қабылдау күндері бола-ды.

Ойыл ауданының статистика басқармасы

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» ҚАУЛЫ**

Ақтөбе қаласы

28.01.2022 ж.

**«Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирус инфекциясының алдын алу жөніндегі шектеу карантиндік шаралары туралы»**

Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирустық инфекция-ның (будан өрі - COVID-19) таралуы-ның алдын алу мақсатында, сондай-ақ Ақтөбе облысының аумағында қалыптасқан эпидемиологиялық жағ-дайды ескере отырып *(Қазақстан ай-мақтарындағы эпидемиологиялық жағдай тұрғысынан 2022 жылдың 13 қаңтарындағы бағалау матрица-сына сөйкес Ақтөбе облысықызыл аймақты)*, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, 2-тар-мағының 3) тармақшасын, 104-ба-бының 2, 3, 4, 7- тармақтарын және Қазақстан Республикасы Бас Мемле-кеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38, 2021 жылғы 10 қыркүйегіндегі №42, 2022 жылғы 27 қаңтарындағы№7 қаулыла-рын басшылыққа алып, **ҚАУЛЫ ЕТМІН:**

1. Ақтөбе қаласы және Ақтөбе об-лысының аудан өкімдеріне, аумақтық мемлекеттік органдарға, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасына, құқық қорғау және арнайы органдарға, ұйымдар мен мекемелер басшыла-рына, меншіктің барлық нысанындағы кәсіпкерлік субъектілеріне, Ақтөбе облысының тұрғындарына қамтама-сыз ету:

- 1) осы қаулының 1-қосымшасына сөйкес «Ashyq» жобасына қатысатын өлеуметтік-экономикалық объектілері-нің жұмысының асыруға;
- 2) осы қаулының 2-қосымшасына сөйкес персонал мен келушілердегі қауіпсіз «жасыл» мәртебесі бар бол-ған кезде «Ashyq» жобасына қатыса-тын өлеуметтік-экономикалық объекті-лерінің жұмысының асыруға;
- 3) «Ashyq» жобасына қатысатын объектілер үшін жұмыс және демалыс күндері уақыт бойынша жұмыс режимі белгіленбейді;
- 4) осы қаулының 2-қосымшасына сөйкес «Ashyq» жобасына қатысатын объектілер үшін қызметкерлер мен келушілерде қауіпсіз («жасыл») мөр-тебесі болған жағдайда (вакцинациялау немесе ревакцинациялау, сынама ал-ған сөттен бастап 7 тәуліктен аспай-тын теріс нәтижесі бар ПТР тесті, тұ-рақты медициналық қарсы көрсетілім-дері бар, ауырып жазылған адамдар соңғы 3 ай ішінде) қызметі шектеусіз;
- 5) жолаушылар ағынын төмендету және халықтың көп жиналуын болдыр-мау мақсатында «қарбалас сағаттар-да» қоғамдық көлік санын ұлғайту;
- 6) 10.09.2021 жылғы ПГГСВ-42-нің 3-қосымшасына сөйкес алгоритмді сақтай отырып, күндізгі режимде кеңестер (отырыстар) өткізуге рұқсат беру (оларды қашықтықтан өткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда);
- 7) Ұлттық құрамалар, клубтық командалар үшін спорттық жаттығу-ларға (30 адамнан артық емес, дене-мен жанаспайтын өдіспен дене қы-зуын өлшеу, спорт базаларында тұру) рұқсат беруі;
- 8) спортшылар мен жаттықтырушы-лар құрамы COVID-19-ға қарсы ва-кцинациялаудың толық курсы алғаны туралы құжаттамалық растау ұсынған жағдайда облыстық командаларды дайындау үшін оқу-жаттығу жиынды-рын өткізуге рұқсат беруі;
- 9) күшейтілген санитариялық-эпи-демияға қарсы және санитариялық-профилактикалық шараларды сақтай отырып көшедегі азық-түлік саудасы-ның рұқсат етілген түрлерінің жұмы-сына (оның ішінде тез дайындалатын тамақ өнімдерін, пончиктерді, балмұз-дақтарды, алып шығуға арналған кофені, көкөніс шатырларын және т.б.

сататын объектілердің) рұқсат беруді; 10) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қау-лысының қаулысының 23 қосымша-сына сөйкес, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министр-лігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (оның ішінде ҰҚК Шекара қызметінің) және Қазақстан Республикасы Мем-лекеттік күзет қызметінің жеке құрамы арасында COVID-19 таралу қауіпін азайту жөніндегі алгоритмді сақтауды; 11) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қау-лысының қаулысының 12 қосымша-сына сөйкес, автомобиль вокзалдары-ның жұмыс істеу алгоритмін сақ-тауды;

12) мынадай ұйымдардың/объекті-лердің қызмет көрсету жөніндегі объекті-лердің (халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО), «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, екінші деңгейдегі бан-кер, қаржы нарығының объектілері, сақтандыру компаниялары, жылжы-майтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, айырбастау пункттері, ломбардтар, сұлулық салондары, шаштараздар, маникюр және педикюр, косметологиялық қыз-меттерді көрсету, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг қызмет-тері, химиялық тазалау орындары, кір жуу орындары, фитнес, спорт кешен-дері, спорттық-сауықтыру орталық-тары, СПА және массажа салондары/ орталықтары/кабинеттері, мошналар, сауналар, бассейндер, жағажайлар, типографиялық көрсетілетін қызмет-тер, тігін ательесі, фотосалондар, аяқ киім шеберханалары, гүл дүкендері, аяқ киім, киім жөндеу, ұйымдастыру техникасын жөндеу жөніндегі сервис, өзге де объектілер);

халық тұтынатын өнімдердің және тауарлардың көтерме және бөлшек саудасы (сақтау) объектілерінің, оның ішінде базарлардың, сауда үйлерінің, сауда желілерінің, сауда-ойын-сауық орталықтарының, дүкендердің, шағын маркеттердің, супермаркеттердің, гипермаркеттердің;

мәдениет және демалыс объекті-лерінің (музейлер, музей-қорықтар, кітапханалар, концерттік ұйымдар, филармониялар, театрлар, кино-театрлар, концерт залдары, клубтар, галереялар, көрмелер, цирктер және басқа да мәдени-демалыс ұйым-дары);

халықтың тұруы бойынша қызмет-тер көрсету саласындағы объектілер-дің (қонақ үйлер, отельдер, хостел-дер, мотельдер, жатақханалар, кем-пингтер және тағы басқалар); жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын ұйымдардың, автомобиль, автостанциялар, жолаушыларға қыз-мет көрсету пункттерінің;

білім беру және тәрбиелеу ұйымдары-ның, оның ішінде білім беру дамыту және түзету орталықтарының (ересек-тер мен балаларға арналған), оқу-өндірістік комбинаттардың және басқа да мектептен тыс ұйымдардың;

санаторий-курорттық және сауық-тыру мақсатындағы объектілердің (санаторийлер, демалыс үйлері/ базалары/аймақтары, профилакто-рийлер, балалардың сауықтыру лагерлері (мектеп жанындағы, қала сыртындағы), туристік базалар және басқалар);

қоғамдық тамақтану объектілерінің, оның ішінде ұйымдасқан ұжымдарда орналасқан, сондай-ақ тамақ жеткі-зуіне қызмет көрсететін объектілердің, стрит-фудтардың;

**ЭЛЕКТРОНДЫ САУДА**

Салық салу мақсатында «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы Кодексінің 1-бабының 65) тармақ-шасында тауарлармен электрон-дық сауданың тұжырымдамасы анықталған.

Тауарлардың электронды сау-дасы дегеніміз - жеке тұлғаларға тауарларды сату бойынша апа-раттық технологиялар арқылы интернет-дүкен және интернет-платформа арқылы жүзеге асы-рылатын, келесі шарттарды сақтай отырып жүзеге асырылатын кәсіп-керлік қызмет:

тауарларды сату бойынша мөмі-лелерді тіркеу электронды түрде жүзеге асырылады;

тауарларға төлем қолма-қол ақшасыз төлем арқылы жүзеге

асырылады;

тауарларды сатып алушыға жет-кізу бойынша өзіндік қызметтің бо-луы немесе тауарларды тасымал-дау, курьерлік және пошта қызметі бойынша қызметтер көрсететін тұлғалармен шарттардың болуы.

Сондай-ақ, Салық кодексінің 1-бабының 29) және 30) тармақша-ларында интернет-сайт және ин-тернет-дүкен ұғымдары берілген. Салық кодексінің 88-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сөйкес тауарлардың электрондық саудасы саласындағы қызметті жүзеге асыратын салық төлеу-шілер қызметтің жекелеген түр-лерін жүзеге асыратын салық төлеу-ші ретінде тіркелуе жатады.

Сонымен қатар, қызметтің жеке-леген түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу -

Ойыл ауданы бойынша мемлкеттік кірістер басқармасы

тауарлармен электрондық сауда-ны жүзеге асыру белгілі бір қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде қызметтің бастал-ғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама негізінде, тәртіппен жүзеге асырылады және Салық кодексінің 88-бабы 4-тарма-ғының екінші абзацына сөйкес «Рұқсат-тар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы-мен айқындалады. Бұл хабарлама салық органына қызметтің жеке түрі басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі.

Сонымен қатар, Салық кодексінің 89 және 90-баптары қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыра-тын салық төлеушінің тіркеу дерек-терін өзгерту және толықтыру, сондай-ақ оны тіркеуден шығару тәртібін белгілейді

тариялық дәрігерінің 2022 жылғы 14 қаңтарындағы №БМСД-2 қаулысына өзгерістер енгізу туралы»2022 жылғы 21 қаңтарындағы №ПГГСВ-4 қаулы-ларының күші жойылды деп таныл-сын.

10. Осы қаулының орындалуын

**ЕСКЕ АЛУ**

Құмжарған ауылы

Абилов Ерболат Жолдығалиұлы (02.02.1989 ж – 04.11.2021 ж)

Ардақты баламызды туған күні қарсаңында сағынышпен еске ала-мыз. Арамызда болғанда 33 ке толар еді. Тең келмейтін алтында еш қолдағы. Өзің едің, Жан балам, үйдің

зор бағы, Жарық берер айымыздай көктегі. Болушы едің жанымыздың қорғаны, Жүз күн болды Жан

балам құлағалы, Жүз күн болды Анам

іздеп жылағалы. Әр күніміз сағынышпен өткенімен Жүрегіміз «Жан балам» деп

соғады өлі. Сағынышпен еске алушылар: Әкесі Жолдығали, Анасы Бақыт, Бауыр-лары, жиендері. Ағайын туыс, құда жекежат, дос жарандары. **Баламыздың 100 күндік садақасы 11 ақпан күні, сааат 12 де Құмжарған ауылында өз үйінде өтеді.**

бақылауды өзіме қалдырамын. 11. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігері Р. ҚОЙШАНОВА

Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 28.01.2022 жылғы №БМСД-2 қаулысының 1 қосымшасы

**«ASHYQ» ЖОБАСЫНА ҚАТЫСАТЫН, ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ**

№	Объектілер/салалар	Қызыл аймақ
1.	Мейрамхана, дәмхана және кофеханалар типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда), банкет залдары (мейрамханалар мен дәмханалар типі бойынша қызмет көрсету)	тоқтырылуы 60%-дан артық емес болған жағдайда рұқсат етіледі
2.	Алкогольдік ішімдіктерді сатпайтын асханалар типіндегі қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)	рұқсат етіледі
3.	Сұлулық орталықтары мен салондары, СПА-орталықтары, шаштараздар, маникюр мен педикюр, косметикалық және косметологиялық қызметтерін көрсететін салондар	алдын ала жазылумен рұқсат етіледі
4.	Сауналар, бассейндер	рұқсат етіледі
5.	Облысаралық, қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	рұқсат етіледі
6.	Отельдер, қонақ үйлер	рұқсат етіледі
7.	Білім беру ұйымдарында білім алушылардың тұруына арналған жатақханалар (педагогтар, персонал, ата-аналар (заңды өкілдері), келуші-лер, 18 жастағы және одан асқан білім алушылар үшін)	рұқсат етіледі
8.	Автомобиль вокзалдары, автостанциялар, автоөтпе жолдары, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері	рұқсат етіледі
9.	ХҚО	рұқсат етіледі
10.	Банктер, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері	рұқсат етіледі
11.	Сауда алаңы 1000 ш.м-ге дейінгі қоса алғанда (азық-түлік емес) сауда желілері	рұқсат етіледі
12.	Базарлар (жабық)	рұқсат етіледі
13.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармония	тоқтырылуы 60%-дан артық емес болған жағдайда рұқсат етіледі
14.	Бильярд,буолинг	тоқтырылуы 60%-дан артық емес болған жағдайда рұқсат етіледі
15.	Компьютерлік клубтар, PlayStation клубтарын қоса алғанда	тоқтырылуы 60%-дан артық емес болған жағдайда рұқсат етіледі
16.	Лотерея клубтар және лотерея сататын өзге де орындары, бұмкөкерлік контролары	бір адамға кемінде 4 ш.м. алаң қамтамасыз ету кезінде рұқсат етіледі
17.	Балалар ойын-сауық орталықтары (жабық)	тоқтырылуы 60%-ға артық емес, бір адамға кемінде 10 ш.м. алаң қамтамасыз ету кезінде рұқсат етіледі

Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 28.01.2022 жылғы №БМСДБ-5 қаулысының 2-қосымшасы

**ПЕРСОНАЛ МЕН КЕЛУШІЛЕРДЕГІ ҚАУІПСІЗ «ЖАСЫЛ» МӨРТЕБЕ БОЙЫНША «ASHYQ» ЖОБАСЫНА ҚАТЫСАТЫН БАР БОЛҒАН КЕЗДЕӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ**

№	Объектілер/ салалар	Қызыл аймақ
1.	Салтанатты, ас беру, отбасылық іс-шараларды (банкеттер, ас беру) өткізу	
2.	Конференциялар, форумдар, адамдар көп жиналатын ойын-сауық және өзге де іс-шаралар	
3.	Көрмелер	
4.	Марафондар (ашық ауада)	
5.	Көрермендер қатысатын спорттық іс-шаралар	
6.	Спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары (жаттығуларды қоса алғанда), фитнес-орта-лықтары, йога-орталықтары	Шектеусіз
7.	Діни объектілер (жабық үй-жайларда ұжымдық құдайға құлшылық етуді өткізу)	
8.	Ойын клубтары	
9.	Түнгі клубтар	
10.	Караоке	
11.	Сауда-ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, сауда алаңы 1000 ш.м-ден асатын (азық-түлік емес) сауда желілері	
12.	Сауда алаңы 6000 ш.м-ден асатын (азық-түлік) сауда желілері	
13.	Бассейндер	

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірінмен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1642 дана. Тапсырыс №118 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

